

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА МАРҚАКӨЛ АУДАНЫНДАҒЫ МАЙДАНГЕРЛЕР МЕН ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНІҢ ЕРЛІК ІСТЕРІ

Исаева Д.А., т.м., Мырзагулова Г.Ж., т.м.

«Марқакөл ауылының мектеп-интернат-колледжі» КММ тарих пәні мұғалімдері
Шығыс Қазақстан облысы, Марқакөл ауданы
dinara.isayeva.90@list.ru

*«Әділетті соғыстың рухы әрқашан күшті
болады. Өйткені оның төркінінде елді, жерді
қорғау принциптері жатыр»*

Н.Ә. Назарбаев

Өлкенің тарихын білу-өзінің отбасының, туып өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Өзінің тегін, оның тарихын білмеген адам өз халқының тарихын білуге ұмтылмайды, оған қызықпайды. Осы жағдайлардың бәрі туған өлкенің тарихын зерттеудің, оған оқушыларды белсене қатыстырудың қажеттілігін дәлелдейді. Осыған орай қазіргі заман кезеңінде ерекше назар аударатын маңызды мәселелердің қатарына Ұлы Отан соғысы кіреді. Екінші дүниежүзілік соғыс пен оның құрамдас бөлігі аталған Ұлы Отан соғысы тарихымызда тиісті бағасы беріліп, лайықты орнына қойылмаған ақтандақ беттердің бірі. Сол шындықтың бүгінде өзекті тақырыпқа айналғандығына тоқтала кетуге негіз, себеп те бар. Осынау сын сағатта естияр баладан, еңкейген кәріге дейін өмір мен өлім белдескен, күшті мен әлсіз күрескен алапат шайқаста жауды өзара ынтымақтастық, төзімділік, қайсарлық мінез көрсету арқылы жеңіп шыққаны риясыз шындық. Алайда, кеудемізге мұң орнатқан мына мәселені – Ұлы Жеңістің адам шығынымен келгендігін мойындамауға шара жоқ. Сөзіме дәлел ретінде Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы атамыздың өз естеліктерінде айтқан салмақты сөзін келтіремін: «Әр шайқастан соң қалыптасқан дәстүр бойынша, солдаттардың есімін дауыстап атай бастаймын. Оң жақтағы жауынгер байсалды үнмен «Отан үшін шайқаста ерлікпен қаза тапты!», -деп жауап қатады. Сол сәтте полктің тізімінен енді аталмайтын, есіл ердің қаһарман бейнесі көз алдымызға келеді. Жарқын рухы біздің күш-қайратымызды еселей түседі»...

1941 жылы маусым айы мен қараша айының ортасында, небары бес ай ішінде төрт миллионға жуық қызыл әскер лек-легімен неміс тұтқынына түсіп, бұл біздің тарихымыздағы бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген ауыр жағдайлардың біріне айналды. Немістердің өздері осыншама тұтқынмен не істерін білмей әлек болғандығы туралы кейінгі жылдары жарыққа шығып жатқан бірқатар еңбектер дәлелдейді. Миллиондаған адамның қасық қанын төгіп жеткен жеңістен кейін Германия концлагерінен шығып, сталиндік көлгір насихатқа малданып елге қайтқан мыңдаған тұтқындар мен партизандық соғысқа қатысушыларды, тіпті соғыс жылдары Германияға ауыр жұмысқа зорлап әкетілген жастарды да Кеңес өкіметі аяусыз жазаға тартқан болатын.

Мақаланың басты маңыздылығы осы - КСРО мемлекеті өзі себеп болған, дайындықсыз «Екінші дүниежүзілік соғыс» деген атау алған әділетсіз соғысқа Марқакөл ауданынан аттанған жауынгерлердің ерен ерліктері мен тыл ардегерлерінің майданға қосқан үлесін мұрағат құжаттарына, нақты айғақтарға сүйене отырып дәлелдеп, анықтап, ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде дәріптеу болып табылады. Соғыс алдындағы және соғыс жылдарында Шығыс Қазақстаннан 182 604 адам әскерге шақырылды, оның 95870-і ерлікпен қаза тапты. Шығысқазақстандықтар әскердің барлық салаларында қызмет етті, барлық майданда шайқасты, табандылық пен қаһармандық көрсетті. Ұлы Отан соғысының Брест, Мәскеу, Ленинград, Курск, Новгород және атақты Сталиград шайқасы мен жанкештілік соғыстарына Марқакөл ауданынан барып соғысқан батырлардың есімдерін, ерліктерін анықтау, тұтқынға түсіп немесе хабарсыз кеткендер жайлы баяндау. 1941-1945 жылдары Марқакөл ауданының

Алексеевка, Қалжыр, Архиповка (қазіргі атауы Қайнарлы), Горный, Буран, Бобровка, Орловка т.б елді-мекендерінен көптеп майдан даласына аттанған.

Жамбыл атамыздың жауынгерлерге рух беру мақсатында жазылған «Ленинградтық өренім» өлеңіне арқау болған Ленинград қоршауында қалған аштықтың салдарынан 850 мыңға жуық бейбіт тұрғынның қаза тапқаны тарих беттерінде әлі де дұрыс айтылмай келеді. Қайран ленинградтықтардың өмірге құштарлығын, өлімге өшпенділігін арттырған Жамбыл өлеңі халықтың Нева өзенін толқындай тебіренгіп мұз жолымен кесіп өтуіне себепші болды. Ленинград түбіндегі шайқаста қазақстандық жауынгерлерде мұздың жарылып, бомба түсіп жатқанына қарамастан жандарын қиып халыққа көмек көрсетті. Міне сол, 1941 жылы Ленинград қаласына Орта Азиялық әскери Округі атынан делініп, қызыл әскер қатарына Марқакөлдік азаматтардан іріктеліп №916 комданда құрамында 7-9 сыныптық білімі бар – 14 адам, 4-6 сыныптық білім бар – 9 адам, яғни сауаты жоғары деңгейдегі 23 адам майданға аттанған. Ол тізімге төмендегі кісілердің есімдері кіреді: Асыллов Мухаметқали, Акимов Иван Петрович, Бутобаев Жанаспай, Воропаев Николай Петрович, Джакешов Молдағжар, Елеуов Молдажан, Жампеисов Уатай Мамиевич, Кабдуллин Ибрай, Корнейчик Евгений Никитович, Нуриев Маултхан Хайрулов, Никитин Конот Кирилович, Нургалиев Нурбек, Отемисов Дюсетай, Овчинников Павел Михеевич, Попов Василий Петрович, Половков Василий Михайлович, Правдивцев Константин Харитон, Самиев Ками, Смагулов Кабдолда, Терлыкпаев Кадылбек, Үрпеков Идрыш. [1, п. 24]. Айтылмай қалған осындай шындық тарих беттерінде жарық, оқулықтарға енгізіліп, ұрпаққа кең насихатталса екен деймін.

Майданды әскери істерді білетін адамдармен толықтыратын негізгі көздердің бірі – жалпыға бірдей міндетті әскери дайындық. Ауыр соғысқа арналған күшейтілген әскери дайындық ұзақ, қарқынды, табанды және ауқымды тәртіпті жұмысты талап етеді. Сол себепті майданға шақырылғандардың білімі, жұмыстағы еңбек өтілі маңызды болған. Дәлел ретінде Зайсан Мемлекеттік мұрағатынан алынған деректерге сілтеме келтірмекпін. Тек бір 1941 жылы маусым айында өзінде Марқакөл ауданынан әскери бұйрықпен шақырылғандар туралы дерек беретін болсам, 1922 жылы туылғандардан 299 адам шақырылып, бірақ Зайсан аудандық әскери комиссариатқа Марқакөл ауданынан 309 адам болып барған екен. Сол шақырылғандарды ең алдымен міндетті медициналық тексеруден өткізіп, жарамдылығын анықтаған соң ғана, әскер қатарына мамандығына қарай отырып дайындыққа жіберген. Әскери бұйрықпен шақырылған жерлестерімізден медициналық тексеруден өткізгенде 297 адамды соғысқа дайындыққа жарағандар болса, ал 12 адам денсаулығы бойынша кейінгі шақыратындар тізіміне қалдырылған. 1941 жылы маусым айында тағы 20 адам Новгородқа майдан даласына жіберілген. Олар: Жуньков Алексей Моесеевич, Трунцев Георгий Демитревич, Сальдебаев Мукатай, Сычев Алексей Петрович, Рахимов Сағди, Постухов Николай Григорьевич, Панаморев Эфим, Поликов Иван, Мукаев Кыдабал, Мухаметрахимов Мағзи, Мерекенов Уарбек, Кучербаев Закарья, Кемпыров Биғали, Зырянов Максим, Жарылғапов Муса, Жақсыбаев Қабылғазы, Жапашбаев Абдрахман, Дандыбаев Карапа, Белугин Иван Тимофеевич. 1941 жылы қыркүйек айында Қызыл әскер қатарына 1921, 1922 жылы туылғандар Марқакөл ауданынан, Новгородқа және әскери-теңіз флот қатарына көптеп жіберілген екен. Осы жылдың шілде айында Ленинград қаласы қорғауға майданға Марқакөл ауданынан 23 адам жіберілген. Оның ішінде 12 қазақ, басқалары аралас ұлт өкілдері болған. [2, п. 261]

Майдан даласына жібермес бұрын, жан-жақты дайындық – армияны жаппай соғыс кезінде ауыстыруды дайындау және резервтердің әскери дайындығын соғыс талаптары деңгейіне жеткізу үшін барлық партия ұйымдары жұмыла қолға алуы тиіс болған. Партиялық және қоғамдық ұйымдар бұл аса жауапты да маңызды жұмыспен жүйелі және тікелей айналысуы керек, өйткені біз фашистік басқыншыларға қарсы жүргізіп жатқан осындай ұзақ, шиеленісті соғыста резервтерді мықты дайындау соғысқа істің сәттілігін анықтайды деген мәтіндегі хабарламалар жіберіп отырған. Мысалы, 1914 жылдың 23 қыркүйек айында Марқакөлден Зайсан әскери комиссаритына шақырылған адамдардың медициналық екені толық алмағандығы, орта білімі туралы құжаттардың дұрыс

болмағандығына байланысты ескертулер айтылған. Бұдан шығатын қорытынды әскер қатарына шақырылғандардың тіл білуі, орта білімі өте маңызды болып саналған. Орыс тілін жақсы меңгергендер сауатты болып, орыс тілінен хабары аз адамдарды сауаты шамалы деп арнайы дайындықтан өткізген. Осылайша, Халық қорғаныс комиссариаты жалпы білім беру жүйесінде комсомол-жастар бөлімшелерінен мергендер, танк жоюшылар, автоматшылар, минометшілер мен ауыр пулеметшілер жасақтарын құруды тапсырды. 110 сағаттық әскери бағдарлама даярланды. Оған көбінесе, дені сау, жасы 17-ге толған және арнайы есепте тіркелмеген Отан қорғаушылар шақырылған.

Балтық маңы үшін шайқастар және бұл шайқастардағы ерлік көрсеткен жерлестеріміз Василий Васильевич Бунтовский – өлкемізден шыққан жауынгер. Соғыс басталған алғашқы жылдары, атап айтар болсақ 1940 жылы 19 жасында соғысқа аттанған. 1944 жылдың өзінде Балтық бойы елдерін азат ету майдандарында ерлік көрсеткені үшін Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Соғыс аяқталар сәтте қаза тапқан.

Аркадий Петрович Кукин – бұл азамат та Кеңес Одағының батыры атағына ие болған өлкемізден шыққан жауынгер. 877-ші артиллериялық полкінің мылтық командирі. Пулеметші. Соғыс майданында (Балтық бойын азат ету операцияларында) жараланса да, соңына дейін күресуге бел буып, 1945 жылдың 25 наурызында майданда қаза тапты. Кеңес Одағының батыры атағын қаза тапқан соң берілген.

Алексей Семенович Крахмал – Марқакөл ауданында дүниеге келген. Соғыс басталған жылдары, атап айтар болсақ 1941 жылы соғысқа аттанған. Майдангер Украина үшін шайқаста, Беларусь майдандарында ерлік танытқан. Сонымен қатар жерлесіміз Балтық маңы елдерін азат ету үшін күрескен. Алексей Семеновичке 1944 жылы Кеңес Одағының батыры атағы берілген. Венгрияның Кечкемет қаласындағы неміс фашистерінің 40 танкі мен жаяу әскерлеріне қарсы батырлықпен күрескені үшін жаудың зенбіректерін жойғаны үшін (жан беріп сол майданда қаза тапқан) Кеңестер Одағы Жоғары Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1945 жылдың 24 наурызында Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. [3, 438 б.]

Павел Павлович Журба – Марқакөл ауданының тумасы. Батыр тұлға 1937 жылы КСРО мен Жапон самурайларының арасындағы шайқастан бастаған және 38-ші атқыштар дивизиясында батальон бөлімшесін басқарған. Украина үшін күрес, Балтық маңы елдерін азат ету шайқастарында орасан зор ерліктер көрсеткен. Жауынгер Днепрдің бір жағасынан екінші жағасына танк, мылтық, азық-түлік пен жылқы, жауынгерлерді өткізуде ат салысқаны үшін, ең бастысы ерлік көрсеткені үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілген және ерлігі еленген. [4, 110 б.]

Батыс майданындағы ерлік көрсеткен жерлестер жайлы келесідей мәліметтер берілді. Қазақстаннан шыққан тұңғыш әскери ұшқыш–Жақыпбек Малдыбаев. Малдыбаев Жақыпбек 1907 жылы Марқакөл ауданы «Қалжыр» совхозының Шеңгелді бөлімшесі тұсындағы Қара Ертіс бойында кедей шаруа отбасында дүниеге келген. 1929 жылы 22 жасында Жақыпбек арыз жазып өзі тіленіп қызыл әскер құрамына алынады. Сол жылы ақпанның 13-інде түркіменнің Мерв қаласына орналасқан ерекше атты әскер бригадасының 82-ші полкіне қызметке келеді. 1932 жылы Ташкенттегі әскери училищеге түсіп, ойдағыдай бітіріп шыққан соң РККА-ның кішікомандирі атағы беріледі. Келесі 1933 жылы 1 қаңтарда комиссар Малышев пен штаб бастығы Яковлевтің ұйғарымымен Харьковтегі ұшқыш-барлаушылар даярлайтын 9-шы әскери мектепке 12 әскери қызметкер жіберіледі. Соның бірі –Жақыпбек. [5, 112 б.]

Сағиолда Шәкірұлы – Марқакөл ауданының тумасы, 343 атқыштар полкінде Германияға дейін жеткен және Батыс майданындағы шайқастарда батырлық танытқан. Ұлы Отан соғысының ордендерімен (2-дәрежелі), мадақтамаларымен марапатталған.

Сталинград үшін шайқас және бұл шайқастағы ерлік көрсеткен жерлестеріміз. Нұрдыбаев Зарылхан – Сталинград түбіндегі шайқаста неміс танкін жарып, ерлік танытқан. Осы ерлігі үшін бұл майдан ардагеріне «Ерлік үшін» медалымен марапатталды. Осы майданда майдангер жарақаталады және 6 ай госпитальда жатып, қайта соғысқа аттануды өзі

сұрайды. 1943 жылдың 2 ақпанында Сталинград түбіндегі шешуші шайқаста тағы да ерлік көрсеткен бұл майдангерге: «Соғыстағы ерлігі үшін» орденімен марапатталады. Майдангердің №116 атқыштар дивизиясында қызмет еткендігін де атап өтіледі. [6, 221 б.]

Абиболла Керейбайұлы Керейбаев – 1912 жылы Шығыс Қазақстан облысының, Марқакөл ауданында туылған. №146 атқыштар полкінде, қатардағы жауынгер ретінде қызмет атқарған. Сталинград үшін шайқастағы ерлігі үшін «Ұлы Отан соғысының 2-дәрежелі орденімен» және мадақтамалармен марапатталған.

Шаймерден Жоламанов – Шығыс Қазақстан облысының, Марқакөл ауданында 1920 жылы туылған. Сталинград үшін шайқастағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Ұлы Отан соғысының 3-дәрежелі орденімен» марапатталған.

Қабидолла Сапаралинов – жерлесіміз Сталинград үшін шайқаста ерлік көрсеткен. Сонымен бірге Финляндияны азат етуде, сондай-ақ Германияға дейінгі Батыс майдандарда қызмет атқарған. Дегенмен, Сталинград түбіндегі шайқастағы ерлігі үшін жерлесімізді «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік еңбегі үшін» ордендерімен марапатталған. [7, 178 б.]

Курс түбіндегі шайқастағы батырлық танытқан Марқакөл азаматтары.

Рахат Дуанов – Марқакөл ауданынан шыққан жерлесіміз Украина майданында, Курс түбіндегі шайқастардан Германияға дейінгі соғыс майдандарында жауынгерлік қызмет атқарған. Өзінің ерлігі мен батырлығы үшін жерлесіміз (Жауынгерлік еңбегі үшін), «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған. Атқыштар дивизиясында қарапайым жауынгер қызметін атқарған.

Базыл Таныбаев – жерлесіміз Курс түбіндегі шайқастарда және Балтық маңы елдерін азат етуде күрескен және ерлік танытқан. Жауынгер №21 гвардиялық миномет бригадасының құрамында жауынгерлік қызметін атқарған және «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік еңбегі үшін» ордендерімен марапатталған.

Ленинград майданындағы ерлік көрсеткен жерлестеріміз.

Мақұлбеков Қакен. Бұл майдангер де өз өлкеміздің тумасы. Боран совхозында қатардағы жұмысшы қызметін атқарған. 1941 жылдан 1944 жылдар аралығында Белорусь, Ленинград түбіндегі соғыстарда ерлік көрсеткен. Соғыста аяқтан жарақат алып, елге мүгедек болып оралған. Соғыстағы батылдығы мен ерлігі үшін келесідей марапатталған: Құрмет белгісі, Ленин ордені, Ұлы Отан соғысының 2-екінші дәрежелі ордені.

Сейтзада Окасов – Шығыс Қазақстан облысының, Марқакөл ауданында 1922 жылы туылған және Ленинград қаласын қоршаудан босатуға бағытталған әскери операцияларға қатысқан және бұл жерлесіміз Германияға дейін соғыс шайқастарында ерлік көрсеткен. Ерлігі мен жауынгерлік қызметі үшін «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған және мадақтамалар алған. [8, 131 б.]

Қарапа Дандабаев – 1920 жылы өлкемізде туылған. Жерлесіміз Ленинград қаласын қоршаудан босатуға бағытталған әскери операцияларға қатысқан және Шығыс Еуропада (Болгарияда) жеңісті күтіп алған. Қарапа соғыста связист қызметін атқарып, ерлік танытқаны үшін Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік еңбегі үшін» ордендерімен марапатталған.

Майдан мен тылдың байланысы, неміс басқыншыларының зұлымдығын көрсету үгіт-насихат жұмыстарының маңызды тарауларының бірі болып табылады. Соғыс басталғаннан-ақ облыстық газеттерде майдан мен тыл арасындағы байланысты нығайту, фашистік әскерлердің қиян-кескі істерін оқырмандарға жеткізу керектігі айтылды. Бұған облыстық газет қызметкерлері көп еңбек сіңірді, олар жауынгерлердің ата-аналарына, жерлестеріне жолдаған хаттарын қайта басып шығарып қана қоймай, белсенді армия бөлімшелерімен, олардың батырларымен тікелей байланыста болды. Соның нәтижесінде редакцияның көптеген қызметкерлері белсенді Қызыл Армия бөлімшелеріне облыстық газет беттері арқылы жерлестері мен туыстарына хат жазуға мүмкіндік алды. Зайсан аудандық комитетінің еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің органы атынан шығып тұратын ындағы «Социалистік жол» газеті бұқараның нағыз ұйымдастырушысы ретінде майданнан жазылған хаттарды жариялап, неміс басқыншыларының қатал әрекеттерін жазып, қалың бұқараға Отан үшін соғысу керектігін, Отанға, оны қорғаушыларға деген шексіз

сүйіспеншілікті бейнелеген. Газет өз өлкесінің еңбекшілерін, колхозшыларды, жұмысшыларды, интеллигенцияны тылдағы жанқиярлық еңбекке, майданға белсенді көмек көрсетуге шақырады. «Бәрі де майдан үшін!» – деген қаһарлы үндеу майдан және тыл ұландарының ерлік істері туралы жазбалардың басым көпшілігіне сіңген.

Азаттық пен бостандық үшін күресте жүзден аса ұлттар мен ұлыстар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды. Қуатты шикізат және қосымша азық-түлік базасын құруды өзінің міндеті деп есептеген КСРО-ға тыл ардагерлерінің қосқан үлесі зор болды. Тыл еңбеккерлері де майданға бар күш-жігерін берді. Олар майдангер ағаларының ерлігі мен қайсарлығын жанқиярлық еңбекпен қолдап, күн-түн демей демалмастан ерен еңбек үлгісін көрсетті. Соғысып жатқан майдангерлер өз кезегінде фашистік ордаларға қарсы ерлікпен қарулы күресте тылды қорғады. Әскердің тұрақтылығы мен жауынгерлік дайындығының мықтылығы тылдың еңбеккерлерінің жіберген күшіне байланысты. Артында мықты тыл еңбегі, халық сүйіспеншілігін сезінген әскер жеңілмейтін, ғажайыптар жасауға қабілетті деген ұрандар халық арасында жүріп жатты. Тыл әскерді қару-жарақ пен азық-түлікпен ғана емес, моральдық-рухани азықпен де қамтамасыз етеді.

Әйелдердің де иығына егінді дер кезінде, ысырапсыз жинау сынды жауапты міндеттер тұрды. Өндірістік жоспарларды орындау және асыра орындау, ауыл шаруашылығында және өндірісте, яғни жоспарды артығымен орындап, жетіспейтін жұмыс күшінің орнын толтыру үшін екі, үш адамның міндетін қатар орындап жұмыс істеу керек болды. Сонымен қатар, қыз-келіншектердің жұмысы мектепке, балабақшаға, бөбекжайға қысқа дайындық бойынша практикалық көмек көрсетуге бағытталды және панасыз қалған балалардың қараусыз қалмауына, бұзақылыққа қарсы күреске тарту бойынша табанды және жүйелі жұмыстар жүргізіліп, ересектер мен балалар арасында, қыздар мен әйелдер де өндіріске және қоғамдық жұмыстарға тартылды. Кеңестік патриоттардың жанқиярлық еңбегі болмаса, еліміз осындай мықты жауды жеңе алмас еді.

Егер, Отандық тарихи білім беруде оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеруді талап етеді деп алсақ, әрбір ұстаз өзінің туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін оқытып үйрету арқылы оқушыларды азаматтық пен ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді. Міне, осы Ұлы Отан соғысында батырлық, ерлік танытқан қаһармандар ерлігі арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу – қазіргі уақытта бүкіл қоғам үшін өзекті мәселе.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ШҚОМЗФ - 63 қор 1 - тізбек. - 2-іс. - 261-парақ.
- 2 ШҚОМЗФ - 64 қор 1 - тізбек. - 3-іс. - 2-парақ.
- 3 Бәрі майдан үшін! Бәрі жеңіс үшін! / Құраст. Г.Л.Бердюгин, В.В.Карелов, М.К. Амренов. – Өскемен: «Медиа-Альянс», 2015. – 437 б.
- 4 Ғабдуллин С. Жылдардан жеткен жаңғырық: Соғыс және еңбек ардагерлері туралы жинақ. - Өскемен: «Полиграфия», 1995. – 135 б.
- 5 Белобородов С.Ф. Мы – дети той большой войны. – Усть-Каменогорск: ВКГУ, 2001. – 308 б.
- 6 Жапаров Б.С. Майдан, тыл ардагерлеріне – тағзым! / Б.С.Жапаров, Т.Қ. Мырзаханов, Қ.Қ. Алтыбаев. – Өскемен: «Рекламный Дайжест», 2015 – 404 б.
- 7 Крутова В.Отан батырларын мадақтайды. Шығысқазақстандықтар – Кеңес Одағының Батырлары. – Өскемен : «Медиа-Альянс», 2010. – 290 б.
- 8 Бесстрашные: очерки о Героях Советского Союза из Восточного Казахстана. – Алма-Ата: Казахстан, 1964. – 158 с.